

Апріл 28-29
Сәуір
Апрель 2008

КОНГРЕСС МАТЕРИАЛДАРЫ
CONGRESS PROCEEDINGS
МАТЕРИАЛЫ КОНГРЕССА



2. mezmee

THE SECOND INTERNATIONAL CONGRESS OF STUDENTS
AND YOUNG SCIENTISTS

WORLD OF SCIENCE

СТУДЕНТТЕР МЕН ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ
ЕКІНШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНГРЕСІ

ҒЫЛЫМ ӘЛЕМІ

ВТОРОЙ МЕЖДУНАРОДНЫЙ КОНГРЕСС СТУДЕНТОВ И
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

МИР НАУКИ

АЛМАТЫ 2008

СЕКЦИЯ ЭКСТРАКТА ПРОБЛЕМЫ ЭКОЛОГИИ

- Абзалова Д.Р. ПЕРЬЯ ПТИЦ КАК БИОИНДИКАТОРЫ СОСТОЯНИЯ
ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ 96
- Алдибекова А.Р. ҚҰРҒАҒАН АРАЛ ТЕҢІЗІ ТАБАНЫН
ФИТОМЕЛИОРАЦИЯ-ЛАУ ЖӘНЕ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫНА
ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ 97
- Алимжанова М.Б., Мусрепов Б.А., Сайлауханұлы Е., Кенесов Б.Н. 99
ТОПЫРАК-СУ ЖҮЙЕСİNДЕГІ СІММЕТРИЯЛЫ ЕМЕС
ДИМЕТИЛГИДРАЗИННІ ӨЗГЕРУ ПРОЦЕССИН ЗЕРТТЕУ
- Амирбекян А. Н. ЭКОФИЗИОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ 100
ЗИМОСТОЙКОСТИ ПОЧЕК НЕКОТОРЫХ КУСТАРНИКОВЫХ ПОРОД
ФЛОРЫ АРМЕНИИ
- Аужанов Т.Г. УСТОЙЧИВЫЕ АГРОЦЕНОЗЫ, КАК ПЕРСПЕКТИВНЫЙ 101
ПУТЬ РАЗВИТИЯ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА
- Бейсембаева Д.Т. МХИ КАК БИОИНДИКАТОРЫ АЭРОТЕХНОГЕННОГО 103
ЗАГРЯЗНЕНИЯ ЛЕСНЫХ ЭКОСИСТЕМ
- Додонова А.И., Куандыкова А.Ж., Ешмагамбетова А.Б., Асанова Г.К. 104
МЕДЛЕННО РАСТУЩАЯ КОЛЛЕКЦИЯ IN VITRO ЛЕКАРСТВЕННЫХ
РАСТЕНИЙ КАЗАХСТАНА
- Дукенбаева А.Д., Айдосова С.С., Адекенов С.М. ВСХОЖЕСТЬ СЕМЯН 106
КУЛЬТИВИРУЕМЫХ И ДИКОРАСТУЩИХ *ALNIA FRUTICULOSA* ПРИ
ДЛИТЕЛЬНОМ ХРАНЕНИИ
- Есенжолова А.Ж. МЕДЬ И ЦИНК В ПРОМЫШЛЕННОЙ ПЫЛИ Г. СЕМЕЙ 108
- Жолбаева Қ.Д., Оперхан Г. ЛАСТАНҒАН СУЛАРДЫ ТАЗАЛАУҒА 109
МАҢЫЗДЫ МИКРОБАЛДЫР SCENEDESMUS OBLIQUUS-тің ШТАМДАРЫ
- Исмаилова Д.С. НАКОПЛЕНИЕ И РАСПРЕДЕЛЕНИЕ ТЯЖЕЛЫХ 111
МЕТАЛЛОВ В ОРГАНАХ РАСТЕНИЙ
- Кашикова Ш.Г. К ВОПРОСУ О ВОЗДЕЙСТВИИ РАКЕТНО- 112
КОСМИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НА ЖИЗНЕДЕЯТЕЛЬНОСТЬ
ОРГАНИЗМА МЛЕКОПИТАЮЩИХ
- Коровина О.Ю. ИЗУЧЕНИЕ СОРЕБЦИИ ¹³⁷CS ГРАНИТАМИ ГОРНОГО 114
МАССИВА ДЕГЕЛЕН
- Қужелева И.В. СОДЕРЖАНИЕ ЦИНКА В ЛИСТЬЯХ ДРЕВЕСНЫХ ПОРОД 115
РАСТЕНИЙ Г. ПАВЛОДАРА
- Бегимбетова Д.А., Ловицкая А.В. БИОАККУМУЛЯЦИЯ ФИПРОНИЛ- 117
СУЛЬФОҒА В ОРГАНИЗМЕ КРЫС РАЗНОГО ВОЗРАСТА

Нурманова Д. С. МҰНАСЫЗ АУЫР МЕТАЛДАРДЫҢ АДАМ АГЗАСЫНА ТІГІЗЕТІН ӨСЕРІ	119
Нурмухамбетова А. Н. ФТОР В ПИТЬЕВЫХ ВОДАХ П. СЕМЕЙ	120
Нуртаева М.А., Тыныбеков Б.М. ЕКІЕЛІ <i>PATRINIA INTERMEDIA (HORN.) ROEN. ET SCHULT.</i> БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ	122
✓ Омарова Ж.С. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАНСОРҒЫШ МАСАЛАР (<i>DIPTERA, CULICIDAE</i>) ПОПУЛЯЦИЯСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	124 ✓
✓ Омарова Ж.С. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАНСОРҒЫШ МАСАЛАРДЫҢ (<i>DIPTERA, CULICIDAE</i>) ЛИЧИНКАЛАРЫНЫҢ ДАМУ ОРЫНДАРЫ	125 ✓
Өнерхан Г., Биалал С. ҚОПА КӨЛІНІҢ АЛЬГОФЛОРАСЫ	125
Пшимова Р.Д., Жұмашева Ж.Е., Султанғалиева И.Т., Нұржанов Ш.А., Кирикбаева Д.Д., Бекмурзаева А.К., Мусағалиева А. ӨСІМДІКТЕРДІҢ РЕМИДИАЦИЯЛЫҚ ҚАБІЛЕТІНІ ЖОҒАРЫЛАТУ ҮШІН ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ ҚОЛДАНУ	128
Рысбекова Ж.С. КЕЙБІР ҚОСМЕКЕНДІЛЕР МЕН БАУЫРМЕН ЖОРҒАЛАУШЫЛАРДЫҢ ӨКПЕСІНІҢ ГИСТОМОРФОЛОГИЯСЫ	130
Сағындық Қ.С. АУЫР МЕТАЛДАРДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК ЖАҒДАЙДА ӨСКЕН <i>ECHINUM VULGARE L.</i> ӨСІМДІК ТАМЫРЫНЫҢ АНАТОМИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫНА ӨСЕРІ	132
Садыбекова Б.Ж. АРАМСОЯУ (<i>CUSCATA</i>) ӨСІМДІГІНІҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	133
Суворова М.А. ИЗМЕНЕНИЯ В ПАРЕНХИМЕ ПЕЧЕНИ КРЫС В УСЛОВИЯХ ДЛИТЕЛЬНОГО ВОЗДЕЙСТВИЯ РАКЕТНЫМ ТОПЛИВОМ КЕРОСИН -Т1	135
Темиржанова А.Е. ЭКОЛОГО-ГЕОХИМИЧЕСКАЯ ОЦЕНКА ПОЧВЕННО-РАСТИТЕЛЬНОГО ПОКРОВА КОКПЕКТИНСКОГО РАЙОНА ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ (АСПЕКТ-ТЯЖЕЛЫЕ МЕТАЛЛЫ)	137
Тыныбеков Б.М., Нуртаева М.А. <i>VALERIANA TURKESTANICA SUMN.</i> – ТУҚЫМНЫҢ ӨНУ ҚАБІЛЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	138
Фалеев Д.Г. МИКОСИМБИОТРОФИЗМ ЭФЕМЕРОВ И ЭФЕМЕРОИДОВ СЕМЕЙСТВА <i>POACEAE</i> СРЕДНЕГО ТЕЧЕНИЯ РЕКИ ИЛИ (УРОЧИЩЕ КЕРБУЛАК)	140
Фалеев Е.Г. ИНТЕНСИВНОСТЬ МИКОРИЗНОЙ ИНФЕКЦИИ ТРАВЯНИСТЫХ РАСТЕНИЙ СЕМЕЙСТВА <i>ASTERACEAE</i> СЕВЕРОВОСТОЧНОГО СКЛОНА ВЕРШИНЫ ИМ. ТИТОВА (ЗАИЛИЙСКИЙ АЛАТАУ)	142

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАНСОРҒЫШ МАСАЛАР (DIPTERA, CULICIDAE) ПОПУЛЯЦИЯСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Омарова Ж.С.

*ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,
Алматы, Қазақстан*

Жылы қанды жануарлардың қанын соратын ұсақ, зиянды насекомдардың тобындағы (сона, шіркей, құмыты, қансорғыш маса) ең залалдысы қансорғыш масалар болып табылады. Қансорғыш масалар 100-ден аса вирустық ауруларды, бактериальды инфекцияларды және паразитарлы инвазияларды таратушылар болып табылады (Гуцевич, 1964).

Шығыс Қазақстанда кездесетін *Aedes c. cinereus*, *Ae. c. caspius*, *Ae. vexans*, *Anopheles hyrcanus* түрлерінің туляремия қоздырғышы және арбовирустарын таратудағы ролы зор. (Ананян, 1964, 1965; Жуматов и др. 1966, 1968).

Шығыс Қазақстанда қос қанатты қан сорғыштардың 171 түрі мен түршелері белгілі. Олардың 48-і қансорғыш масалар (Исимбеков Ж.М., 1994).

Масалармен күрссудің жүйелі шараларын ұйымдастыру үшін олардың түр құрамын, таралуын, көбею ортасы мен қатар маусымдық және тәуліктік белсенділігін зерттеу қажет.

Сол мақсатта 1995, 1997, және 1998-2000 жылдары Семей аймағының Мақаншы ауданында (қазір Шығыс Қазақстан аймағы) жүргізілген зерттеу нәтижесінде қансорғыш масалардың маусымдық және тәуліктік белсенділігі сыртқы орта факторларына байланысты екендігін көрсетті. Масаларға қолайлы климаттық жағдай ол температура 15-25°C, желдің жылдамдылығы 0,3-0,7 м/с болған кезде.

Қансорғыш масалардың ұшу ұзақтығы сәуір айынан бастап қазан айына дейін созылады. Мамыр, маусым айларында маса саны өте көп болады, бұл кезде қыстап шыққан *Anopheles*, *Culex*, *Aedes* туысының масалары басым болады. Саны көбеюінің екінші толқыны шілде немесе тамыз айларында болады. Бұл *An. hyrcanus*, *An. messeae*, *Cx.*

modestus түрлерінің кезекті генерациясына және *Ae. vexans*, *Ae. vexans* түрлерінің кезекті генерация беруіне байланысты.

Тамыз айының соңынан бастап температураның төмендеуіне (13-15°), желді (2-10 м/с) болуына байланысты масалар қазан айына дейін аз кездесті.

Тәуліктің әр сағатындағы қансорғыштардың жаппай ұшуы мен шабуылдауы метеорологиялық жағдайға байланысты өзгеретінін бақыладық.

Мамыр мен маусым айларында 16-20° температурада, желдің жылдамдылығы 0,3-0,7 м/сек болған кезде масалар таңғы сағат 4-6 кезінде көп мөлшерде кездеседі, ал кешке 19-бастап ұшып шыға бастайды да 23-ке дейін 17-21° температурада масалар саны өте көп болады.

Шілде айында күндізгі температураның 34°-ке дейін көтерілуіне байланысты масалардың таңғы максимумы 3-6 сағат арасында байқалады. Сағат 7-лерде күн сәулесі маса санын азайтады. Кешкі максимум 19-24-ке дейін созылады.

Тамыз айында масалардың ұшуы күн шығардың алдында 16-18°-та басталды. Сағат 8-9,30- да біршама ұшып жүрді. Кешкі 18-ден бастап шыға бастады және 19-20-де саны өте көп болып күн ұясына батқан соң саны күрт төмендеді.

Қыркүйек айы мен қазан айының басында масалар күндіз де шабуылдайды, ал таңертен және кешке саны өте аз немесе мүлдем кездеспейді.

Шығыс Қазақстанның шөлді аймағы үшін қансорғыш масалардың маусымдық белсенділігі сәуір айынан бастап қазан айына дейін созылады. Масалардың өте көп ұшатын мерзімі сыртқы орта жағдайларына байланысты мамыр, маусым және шілде, тамыз айлары.

Тәуліктік белсенділігі таңғы сағат 3-6, кешкі 19-дан бастап сағат 22-24-ке дейін байқалады.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАНСОРҒЫШ МАСАЛАРДЫҢ (DIPTERA, CULICIDAE) ЛИЧИНКАЛАРЫНЫҢ ДАМУ ОРЫНДАРЫ

Омарова Ж.С.

ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы

Қансорғыш масалар халық шаруашылығына зиян тигізетін эктопаразиттер. Олардың көпшілігі әртүрлі жұқпалы ауруларды таратушылар болып табылады.

Шығыс Қазақстандағы қансорғыш масалардың личинкалары тіршілік ететін орындары туралы әдеби мәліметтер Ю.Н. Тушицын (1965-1970), К.С. Гүсүпованың (1977- 1980-1982) және Ж.М. Есімбековтың (1965-1992) еңбектерінде бар.

Шығыс Қазақстандағы масалар дамитын орындар олардың ландшафты сипаттамасына байланысты бірнеше типке бөлінеді: шөлді, далалық, гаулы, орманды және адамның шаруашылық әрекеті нәтижесінде пайда болатын су қоймалар немесе табиғи және жасанды.

Табиғи түріне көлдер, өзендер, тоғандар және бұлақтар жатса, жасанды су қоймаға- бөгет, арықтар, ескі құдықтар, цистерналар мен басқа да су құйылған ыдыстар жатады.

Таулы және орманды аймақтың су қоймалары әралуан болып келеді. Сәуір айының аяғы мен мамыр айларында суық сүйгіш моноциклды *Aedes* туысының личинкалары дамиды (*Aedes communis*, *Ae. punctor*, *Ae. intrudens*). Дамуы 5-20°та- 1,5 айға созылады. Кеш көктемдік түрлері 10-23° температурада 40-45 күн дамиды (*Ae. cantans*, *Ae. behningi* т. б.).

Шөлді және далалы аймақтың тұрақты, жартылай тұрақты су қоймалары бірінғай болып келеді. Негізінен бұл көленеленуі аз, аздықөпті су бетінде өсімдік қаулаған, булануы жоғары және бентосқа, планктонға, нектонға бай су қойма. Қар еріген кезде, өзен тасығандағы ақпа сулардың жиналып қалуынан пайда болады. Жаздың аяғында құрғап қалады. Судағы тұз концентрациясының жоғары болуына байланысты галофильді түрлер жұмыртқалайды. Бұл жерде *Culex*, *Anopheles* туыстарының полициклды өкілдерінің саны өседі. *Aedes vexans*, *Ae. c. caspius*, *Ae. flavescens*, *C. modestus* түрлерінің, жағалаудағы көлеңкелі бөліктерде *Anopheles hyrcanus*, ал ашық жерлерінде *An. messeae* түрлерінің саны басым болып келеді. Олардың дамуы температура жағдайына байланысты 10-30 күнде аяқталады.

Жазда маса өзендер мен балшық-сазды жерлердің ұзақ сақталатын бөліктерінде дамиды. Ол жерлерде полициклды *Aedes*, *Culex*, *Anopheles* туысының личинкалары тіршілік етеді. Жасанды су қоймаларда *An. messeae*, *Cx. modestus*, *A. c. caspius*, *A. c. dorsalis* түрлерінің личинкалары дамиды.

ҚОПА КӨЛІНІҢ АЛЬГОФЛОРАСЫ

Өнерхан Г*., Биал С.**

*Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
** әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,
Алматы, Қазақстан

Қопа көлі Көкшетау қаласының солтүстік батыс бөлігінде орналасқан, пішіні эллипс тәріздес. Оңтүстік-шығыстан солтүстік батысқа қарай созылған. Ұзындығы 5 км, ені 3,4 км шамасында. Көлдің орташа ауданы 14км². Қопа көлінің жалпы су жинау ауданы 3860 км².

Қазіргі таңда көл суының экологиялық ахуалыа кері әсер етуші сыртқы факторлар саны артып отыр. Көлге келіп құятын ағын сулар құрамындағы тас, саз, балшық көл түбіне шөгіп қалың қабаттар түзуде. Оның сыртында зауыт, фабрикаларда қолданылған сулар көлге құйылып, құрамындағы органикалық және бейорганикалық заттар көл түбіне шөгіп, оның гидрохимиялық режимін бұзады. Көкшетау қаласындағы фарфор жасау заводы, ет комбинаты, көлге жақын елді мекендер шаруашылықтары көл суын пайдаланып, ластанған суды қайта көлге құяды.

Ластану биотикалық айналымды, оның тепе-теңдік жағдайда болатын жеке кiрiнiстерiн б±зып, биологиялық мiнiмдiлiктiң тiммендеуiне екелiп соғады. Сондықтан Қопа көлінің ластану деңгейін анықтап, оған экологиялық баға беру бүгінгі күні кезек күттірмейтін мәселелердің біріне айналып отыр.

Альгологиялық зерттеу нәтижелері бойынша Қопа көлінде 76 микробалдырлардың түрі анықталды. Анықталған микробалдырлардың 30% жасыл балдырлар, 27% көк жасыл балдырлар, 40% диатомды балдырлар, 3% эвгленалы балдырлар. Қопа көлінде диатомды балдырлардың *Discoidales* қатарының *Cyclotella bodanica*, *Cyclotella comta*, *Cyclotella comta var. oligactis*, *Cyclotella ocellata*, *Cyclotella Kuetzingiana* Thun., *Cyclotella Meneghiniana* Kutz, ал *Araphinales* қатарынан - *Synedra ulna* (Nitzsch)Ehr., *Synedra capitata*, *Synedra tabulata*, *Synedra acus* Kutz, *Raphinales* қатарынан - *Achnantes brevipes*, *Achnantes delicatula*, *Cymbella affinis*, *Cymbella lata*, *Gomphonema*